



**КЕАҚ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»**

---

---

**ЕРЕЖЕ**

**БЕКІТЕМІН**  
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті» КЕАҚ  
Басқарма төрағасы-ректор  
**Е. Сыдықов**  
2021 ж.




**ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

**ЕҰУ Е 95-21**

**Нұр-Сұлтан**

**2021**


	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Ғылыми тағылымдама туралы ереже	Басылым : екінші
	ЕҰУ Е 95-21		18 беттің 2 беті

### АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН :** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі.
2. **ӘЗІРЛЕГЕН:** Жоғары оқу орнынан кейінгі қорытынды аттестациялауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы Г. Ә. Сәрсеке.
3. **ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ:**  
Лашкарева О.В. – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі бастығы.  
Абилов А.З. – Заң қызметі бөлімінің бастығы.

**3.БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: \_\_\_\_\_ 2021 ж.**

4. Қажет болған жағдайда Ережені **ҚАЙТА ҚАРАУ**
5. 14.09.2016 ж. ЕҰУ Е 95-16 **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ.**

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Ғылыми тағылымдама туралы ереже	Басылым : екінші
	ЕҰУ Е 95-21		18 беттің 2 беті

## 1. Қолдану саласы

1.1 Осы ғылыми тағылымдама туралы Ереже (әрі қарай - Ереже) Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (әрі қарай - Университет) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларын ғылыми тағылымдамаға жіберу ережелерін айқындайды.

## 2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы ережеге келесі құжаттарға сілтемелер қолданылады:

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Магистратура», «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Докторантура»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 381 бұйрығы Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде Жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

## 3. Терминдер және анықтамалар

**Докторант** – докторантурада білім алушы тұлға;

**Докторантура** – жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кем дегенде міндетті 180 кредитті меңгеріп PhD докторы ғылыми дәрежесі берілетін ғылыми, педагогикалық (немесе кәсіптік қызметке) кадрлар даярлауға бағытталған білім беру бағдарламалары.

**Магистрант** – докторантурада білім алушы тұлға;

лицо, обучающееся в магистратуре;

**Магистратура** – Жоғары оқу орындарында берілетін дәреже, міндетті түрде кем дегенде 60-120 академиялық кредиттерді меңгерумен «магистр» дәрежесін бере отырып кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі;

**Магистерлік диссертация** – ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың бітіруші жұмысы, қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделген таңдалған білім беру бағдарламасы аясындағы теориялық және / немесе практикалық әзірлемелерді қамтитын тәуелсіз ғылыми зерттеу болып табылады.

**Ғылыми-зерттеу жұмысы** – білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын белгілеу, ғылыми жалпылау, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми зерттеулермен, зерттеулермен, эксперименттермен байланысты жұмыстар.

Зерттеу жұмысы ғылым мен практиканың технологиялық жетістіктеріне негізделген заманауи зерттеу әдістерін қолдана отырып, магистрлік / докторлық диссертацияның негізгі бөлімдері мен бөлімдерін орындауды қамтиды.

**Ғылыми тағылымдама** - оқытылатын білім беру бағдарламасы шеңберінде білімді одан әрі дамыту және тереңдету үшін білім алушының жүйелі және мақсатты кәсіби ғылыми қызметі.

**Тағылымгер** – ғылыми тағылымдамадан өтетін білім алушы.

**Эксперименттік зерттеу жұмысы** - магистрлік / докторлық диссертацияның әдіснамалық, практикалық аспектілерін жүзеге асыруды, экономикалық және математикалық әдістерді, сонымен қатар ғылыми зерттеудің нақты әдістерін - социологиялық зерттеу, эксперимент, бақылау жүргізуді қамтитын жұмыс.

**Шот** - шот-фактура (төлем үшін шот).